

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім
бөлімі Бозтал ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательной школы
село Бозталотдела образования
по Ерейментаускому району
управления образования
Акмолинсинской области

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

26.08.2025

№ 63

**“Бозтал ауылының ЖОББМ” КММ -інде
2025-2026 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай - ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш , негізгі орта , жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 5 тамыздағы №174 бұйрығы Ақмола облысы білім басқармасының 2025 жылдың 11 тамыздағы күнінің №330 бұйрығы негізінде, аудандық білім бөлімінің 2025 жылдың 26 тамыздағы № 330 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Мектепте 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуы мынадай мерзімдерде айқындалсын:

1. 2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1 - тоқсан 8 оқу аптасы , күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2 - тоқсан 8 оқу аптасы , қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3 - тоқсан 10 оқу аптасы , көктемгі демалыс күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурыз аралығында);

1 - сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда);

4 -тоқсан 8 оқу аптасы .

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін.

9 (10) - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12) - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында;

3. Қорытынды аттестаттаудан өткізу мынандай мерзімдері бекітілсін.

9 (10) - сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытылатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақал, әңгіме, эссе) -2026 жылғы 8 маусым

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша) шетел тілі (ағылшын /француз/неміс), информатика - 2026 жылғы 3 маусым ;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2026 жылғы 11 маусым;

11 (12) - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2026 жылғы 02 маусым;

2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2026 жылғы 5 маусым;

3) Қазақ тілі / орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 9 маусым;

4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология география, геометрия, дүниежүзілік тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шетел тілі (ағылшын /француз/неміс), информатика) - 2026 жылғы 12 маусым ;

5) Орыс тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі/ сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан) – 2025 жылғы 15 маусым;

4. Бұйрықтың орындалуы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Армияға жүктелсін

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры



Г.Т.Сергазинова